

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Музыкалық білім» кафедрасы



«Бекітемін»

Басқарма төрағасы-ректор

П. Қожамжарова

05 2023ж

В006 Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобы бойынша
оқуға түсетін талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент 2023 ж.

Құрастырушы аға оқытушылар: Әділова Ш.С., Жанабаева Р.К.

Бағдарлама «Музыкалық білім» кафедрасының мәжілісінде қаралған
(хаттама №_9_ «_24_»_04_ 2023ж.)

Кафедра меңгерушісі: _____  Арипбаева Л.Ш.

Бағдарлама «Мәдениет және өнер» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған, хаттама № _____ « _____ » _____ 2023 ж.

ӘК төрайымы _____  М.Н. Өмірбек

Бағдарлама М.Әуезов атындағы ОҚУ оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде талқылынып, бекітілген.

№ _____ хаттама, « _____ » _____ 2023ж.

ОӘК хатшысы _____ Т.С. Аубакирова

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

В006-Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобын таңдаған талапкерлерге бұл бағдарлама арқылы шығармашылық емтихандардың мақсаттарын, талаптарын болашақ мамандыққа қажетті алғашқы қасиеттері мен алғышарттарын түсіндіру.

Бағдарлама арқылы оқуға түсуші талапкерлерге шығармашылық емтиханның нақты талаптары, орындаушылық шеберлігінің түрлері мен формалары оларды жеткізе білу жолдары көрсетіледі.

Шығармашылық емтиханның мақсаты:

Талапкердің ән айту, музыкалық аспапта орындау, хорды дирижерлау орындаушылық өнері шеберлігінің деңгейін анықтау.

Міндеттері:

- хорды дирижерлаудағы дирижерлық аппараттының қойылымын көрсету;
- ырғақты сезіну қабілетін көрсету;
- музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін анықтау;
- орындалатын шығармаға қысқаша музыкалы-теориялық талдау жасау;
- талапкердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметіне дайындығын анықтау;
- музыкалық білім беру саласындағы білімін анықтау.

Мазмұны

1. Кіріспе

6В01420 - Музыкалық білім БББ бойынша білім бакалаврына кәсіби қызмет нысандары:

- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары;
- бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар болып табылады.

6В01420 - Музыкалық білім БББ бойынша білім бакалавры үшін кәсіби қызметтің пәні-жалпы білім беретін мекемелердегі (мектептердегі, лицейлердегі, гимназиялардағы және т.б.) «Музыка» пәні, сыныптан тыс музыкалы- тәрбиелік, ұйымдастырушылық, насихаттаушылық жұмыстары болып табылады.

2. Негізгі ереже:

6В01420 - Музыкалық білім БББ таңдаған талапкер екі шығармашылық емтихан тапсырады, сондай-ақ оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы бойынша тесттен өтеді. Оқуға түсемін деген талапкерлердің музыкалық білім, өнер саласында түсінігі болуы тиіс.

Қабылдау емтиханы алдында өткізілетін мамандық әңгімесі барысында оның білім деңгейіне, жеке қабілетіне, қоғамдық талапқа орай талапкердің

мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ету мақсатында өткізіліп, төмендегі мәселелер анықталады:

- талапкердің музыкалық қабілетінің деңгейі, оның осы кездегі тәрбие жұмысының негізгі бағыт-бағдарын түсінуі;
- қазіргі кездегі мектептегі музыка пәнінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қызметін түсінуі.

3. Шығармашылық емтихандарды тапсыруға арналған негізгі талаптары

6B01420 - Музыкалық білім БББ бойынша оқуға түсуші талапкерлердің музыкалы-теориялық дайындығы, дамыған ырғақ сезімі, жақсы әншілік дауысы болуы керек.

1. Шығармашылық емтихан «Орындау шеберлігі».

1.1. Жеке дауыста ән айту

Халық әні / сүйемелдеусіз /

Романс

Көпшілік орындайтын әндерден біреуін.

1.2. Музыкалық аспапта орындау

Негізгі музыкалық аспапта 2 шығарма орындалады.

Фортепиано аспабының сүйемелдеуінде шағын шығарма

Қазақ композиторларының шығармалары немесе өңделген халық әуендері.

1.3. Хорды дирижерлау

Екі түрлі сипаттағы хорға арналған шығармаларды дирижерлау, біреуі міндетті түрде сүйемелдеусіз болуы керек.

Хор партиясын тартымды орындап немесе сөзбен, кез-келген осы шығармаларды хор партиясында орындау.

Фортепианода хор партитурасын сүйемелдеусіз жатқа орындау.

Орындалатын шығармаға қысқаша музыкалы-теориялық талдау бере білу.

2. Шығармашылық емтихан «Жалпы музыкалық қабілетін көрсету».

- Әншілік дауысының тембрі (сопрано, альт, тенор, бас, баритон және т.б.)
- Ырғақты сезуі (синкопа, пунктирлік ырғақ, триоль, дуоль және т.б.)
- Музыкалық есту, есте сақтау қабілеттері (шағын әуенді, интервалдарды, тоникалық, субдоминанталық, доминанталық үшдыбыстылықтарды анықтау.)
- Музыкалы-теориялық дайындығы коллоквиум / ауызша сұрақтарға жауап беру:
 - Лад және тональность;
 - Мажор лады / табиғи, гармониялық /;
 - Минор лады / табиғи, гармониялы, мелодиялық /
 - Интервалдар;

- берілген дыбыстан октава арасындағы интервалдарды жоғары және төмен айту;
- интервалды есте отырып анықтау.
- аккордтар;
- аккордтардың интервалдық құрамы.
- берілген дыбыстан мажорлық және минорлық аккордтар шешімінің құрамы.
- D7 доминантсептаккорд және оның бағыты, шешімін құрау.
- өлшем мен ырғақ.
- өлшем түрлері мен ырғақ түрлері.
- сольфеджиолау.
- естуі бойынша аккордтар мен интервалдарды анықтау.
- мажор мен минор гаммаларын айту.
- бір дауысты саздарын айтып беру.

Бағалау критерийлері

Талапкер әндерді, аспапта музыкалық шығармаларды орындауда, хор шығармаларын дирижерлау кезінде орындаушылық шеберлігін, шығарманы сапалы орындалуын, музыкалық мазмұнын толық жеткізуі, шығарманы сезініп жоғарғы көркемдік деңгейде орындауы міндетті, бағалану критериялары жинаған балл арқылы төрт деңгейде қойылады:

1-ші «Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

45-35 балл

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгеріп, музыкалық шығармаларды орындауда ешбір қателер жібермеген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілетінің техникасы өте жақсы дамыған. 15-12
2. Екі түрлі сипаттағы шығармаларды өте жақсы орындау жақсы дирижерлық қабілетін көрсетіп, ауызша сұрақтарға толық жауап беру. 15-12
3. Әншілік қабілеті өте жақсы, әсем тембрлі дауыс, дауыс диапазонын толық пайдалануын көрсету, дауыс күші жеткілікті болуы. 15-11

34-21 балл

Бұл баллдар бағдарламаның материалын 75% толық меңгеріп, музыкалық шығармаларды орындауда белгісіз кемшіліктер жібермеген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті жақсы дамыған. 12-7
2. Екі түрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды жақсы орындау. 11-7
3. Жақсы қойылған дирижерлық аппаратын көрсетіп, коллоквиум сұрақтарына жауап беру 11-7

20-10 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгермеген, музыкалық шығармаларды орындау техникасында кейбір кемшіліктер жіберген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті орташа дамыған. 7-4
2. Ән айтуда 2 шығарманы орташа орындауы. 7-3
3. Коллоквиумның сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауап беруі. 6-3

9-0

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толықкөрсете алмаған, музыкалық шығармаларды орындау техникасында көптеген кемшіліктер жіберген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті нашар дамыған. 4-0
2. . Ән айтуда 2 шығарманы нашар орындауы. 3-0
3. Коллоквиум сұрақтарына толық жауап бермеу. 2-0

2-ші «Жалпы музыкалық қабілетін көрсету» шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

45-35 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгеріп, музыкалық әуендерлі есте сақтап, дұрыс қайталағанда ешбір қателер жібермеген талапкерге қойылады

1. Жоғары деңгейде дыбыстарды есту қабілетін, ырғақ сезімін дәлме-дәл көрсету 15-12
2. Жоғары деңгейде берілген шағын музыкалық әуенді есте сақтау арқылы өз бетінше өте жақсы орындай алуы 15-12
3. Жоғары деңгейде интервалдарды, үшдыбыстылықтарды, аккордтарды есте сақтау және орындау. 15-11

34-21 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын 75% толық меңгеріп, музыкалық әуендерлі есте сақтап, дұрыс қайталағанда айтарлықтай қателер жібермеген талапкерге қойылады

1. Жақсы деңгейде дыбыстарды есту қабілетін, ырғақ сезімін мүмкіндігінше көрсету 12-7
2. Жақсы деңгейде берілген шағын музыкалық әуенді есте сақтау арқылы өз бетінше шамалап орындай алуы 12-7
3. Жақсы деңгейде интервалдарды, үшдыбыстылықтарды, аккордтарды есте сақтау және орындау 10-7

20-10 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгермеген, музыкалық әуендерлі есте сақтауда, оны қайталағанда қателер жіберген талапкерге қойылады

1. Орташа деңгейде дыбыстарды есту қабілетін, ырғақ сезімін толық емес көрсету 7-4
2. Орташа деңгейде берілген шағын музыкалық әуенді есте сақтау арқылы өз бетінше орындай алуы барысында туындайтын қиындықтардың болуы. 7-3
3. Орташа деңгейде интервалдарды, үшдыбыстылықтарды, аккордтарды есте сақтау және орындау. 6-3

9-0

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық көрсете алмаған, музыкалық әуендерлі есте сақтамаған, дұрыс емес қайталаған талапкерге қойылады

1. Нашар деңгейде дыбыстарды есту қабілетін, ырғақ сезімін нашар көрсету 3-0
2. . Нашар деңгейде берілген шағын музыкалық әуенді есте сақтау арқылы өз бетінше орындай алмауы 3-0
3. Нашар деңгейде интервалдарды, үшдыбыстылықтарды, аккордтарды есте сақтау және орындау. 3-0

Қысқартылған түрде оқыту бойынша 1 –ші «Орындау шеберлігі» шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

20-16 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгеріп, музыкалық шығармаларды орындауда ешбір қателер жібермеген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілетінің техникасы өте жақсы дамыған. 5-6
2. Екі түрлі сипаттағы шығармаларды өте жақсы орындау жақсы дирижерлық қабілетін көрсетіп, ауызша сұрақтарға толық жауап беру. 6-7
3. Әншілік қабілеті өте жақсы, әсем тембрлі дауыс, дауыс диапазонын толық пайдалануын көрсету, дауыс күші жеткілікті болуы. 5 -7

15-11 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын 75% толық меңгеріп, музыкалық шығармаларды орындауда белгісіз кемшіліктер жібермеген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті жақсы дамыған. 4-5
2. Екі түрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды жақсы орындау. 4-5
3. Жақсы қойылған дирижерлық аппаратын көрсетіп, коллоквиум сұрақтарына жауап беру. 3-5

10-6 баллов

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толық меңгермеген, музыкалық шығармаларды орындау техникасында кейбір кемшіліктер жіберген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті орташа дамыған. 2-3
2. Ән айтуда 2 шығарманы орташа орындауы. 2-3
3. Коллоквиумның сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауап беруі. 2-4

5-0

Бұл баллдар бағдарламаның материалын толықкөрсете алмаған, музыкалық шығармаларды орындау техникасында көптеген кемшіліктер жіберген талапкерге қойылады

1. Вокалдық қабілеті нашар дамыған. 0-2
2. Ән айтуда 2 шығарманы нашар орындауы. 0-2
3. Коллоквиум сұрақтарына толық жауап бермеу. 0-1

1. шығармашылық – 20 балл

2. «Жалпы педагогика және психология» – 50 балл

Барлық мүмкіндік – 70

Әту баллы – 25

Әдебиеттер

Негізгі:

1. Касенова Р.К., Танкешова Ф.С. Музыкалық білім беру әдістемесі: оқулық - Шымкент, 2008
2. Танкешова Ф.С. Дирижерлау техникасының негіздері. Шымкент – ОҚМУ, 2018
3. Фаттахова Н.Т. Хоровой класс и практикум работы с хором. Учебное пособие Шымкент, ЮКГУ 2015
4. Фаттахова Н.Т. Хоровой класс и практикум работы с хором. Электронное учебное пособие Шымкент, ЮКГУ 2017
5. Фаттахова Н.Т., Жанабаева Р.К. Негізгі музыкалық аспап. Электронное учебное пособие: Шымкент, ОҚМУ 2015
6. Фаттахова Н.Т., Жанабаева Р.К. Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі. Учебное пособие: Шымкент, ЮКГУ 2016

Қосымша:

1. А. Молодов, Г. Ахметова Хорға арналған шығармалар. А., Өнер 1984
2. Т. Нұрымбетов, В. Мамизеров. Балалар хорына арналған хрестоматия. А., Өнер 1991
3. Дүйсенбінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006